



**Тараз қаласы**

**2023 жылғы 9 – 10 маусым**

### **Баспасөз хабарламасы**

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысын (бұдан әрі – Жарыс) 2023 жылғы 9-10 маусым аралығында Жамбыл облысы, Тараз қаласында офлайн форматта өткізеді.

Республикалық жарыстар – бұл біздің еліміздегі ірі шығармашылық және зияткерлік оқиға, ол біздің балаларымызға өздерінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға, кеме, әуе, зымыран, көлік құрастыру саласында батыл идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, басқаша айтқанда – бұл перспективалық әзірлемелер мен ерекше жобалар үшін «өмірге жолдама».

Жарыстың мақсаты: Қазақстан Республикасында балалардың техникалық шығармашылығын дамыту, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру, білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауы үшін жағдай жасау.

Бұл іс-шараның басты міндеті жас конструкторлар мен инженерлерге өздерінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға, ғылыми-техникалық шығармашылық саласындағы батыл идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беру.

Әуе, зымыран, көлік, кеме модельдеу бойынша техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың жарыстары 12 жылдан бері өткізіліп келеді.

Ағымдағы жылы Жарысқа жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары – облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы Жарыс кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Жарысқа қатысушылардың жалпы саны – 180 адам.

Жарыс бағдарламасында – радиомен басқарылатын авто, авиа, зымыран, кеме модельдері бойынша командалық жарыстар. Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың жарыстары бір уақытта қаланың бірнеше алаңында өткізілетін болады.

Жарыс білім алушылардың құрастырушылық ойлау қабілетін дамытуға, жас техниктерді зерттеу және өнертапқыштық қызметке тартуға, әр түрлі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтерінің тәжірибе алмасуы және өзара қарым-қатынасына жағдай жасайды.

Жарыстарды өткізу қосымша білім беру педагогтері үшін бірыңғай қарым-қатынас кеңістігін құруға және тәжірибе алмасуға бағытталған, қатысушыларды ғылыми, танымдық және шығармашылық белсенділікті дамытуға, техникалық шығармашылық, өнертапқыштық және рационализация саласындағы өз жетістіктерін көрсетуге ынталандырады.

Техникалық шығармашылық – бұл әрқашан ойдың ұшқырлығы мен шеберліктің көрінісі болып табылады. Бұл ертеңге, болашаққа қадам. Бұл өзіңізді көрсетуге, өз ойыңызды, бірегей идеяңызды білдіруге тамаша мүмкіндік.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдар және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Жарыстың барлық қатысушыларына қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

Қосымша ақпарат алу үшін телефонға хабарласуға болады:

8(7172) 64-75-89; e-mail: [rumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:rumcdo_nto@mail.ru)